

Кәсіптік ұйымдардың, сертификаттау жөніндегі ұйымдардың есептілік тізбесін, нысандарын және оларды ұсыну мерзімділігін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 4 мамырдағы № 296 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 3 маусымда № 11261 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы № 467 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 01.08.2017 № 467 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

"Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 5-тармағының 15) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымдары мен бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі ұйымдар есептілігінің тізбесі және мерзімділігі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымына енген (шыққан) бухгалтерлердің, кәсіби бухгалтерлердің және бухгалтерлік ұйымдардың саны туралы есеп нысаны;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымы мүшелерінің біліктілігін арттыру туралы есеп нысаны;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес бухгалтерлік есеп пен есептілік саласында халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығы туралы есеп нысаны;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымдарының жұмыс органдары құрылымының өзгергені туралы есеп нысаны;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі аккредиттелген ұйым таныған және берген сертификаттар туралы есеп нысаны;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес пәндер бойынша өткізілген емтихандар туралы және емтихандық модульдердің өзгеруі туралы есеп нысаны.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 17.06.2016 № 320 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-1. Бухгалтерлердің кәсіби ұйымдары, бухгалтерлерді сертификаттау жөніндегі ұйымдар есептілігін электронды форматта ұсынады.

Ескерту. Бұйрық 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 17.06.2016 № 320 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаменті (А.Т. Бектұрова) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. "Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіптік ұйымдары мен бухгалтерлерді кәсіптік сертификаттау жөніндегі ұйымдардың есептілігі тізбесін, нысандары мен ұсыну мерзімділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 561 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8264 болып тіркелген, 2013 жылғы 27 қаңтардағы № 76 (28015) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрық бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 4 мамырдағы
№ 296 бұйрығына
1-қосымша

Нысан

Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымдары мен бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі ұйымдар есептілігінің тізбесі және мерзімділігі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 17.06.2016 № 320 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с №	Есептің атауы	Ұсыну мерзімі
-------	---------------	---------------

Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымдары		
1	Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымына енген (шыққан) бухгалтерлердің, кәсіби бухгалтерлердің және бухгалтерлік ұйымдардың саны туралы есеп	есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанына дейінгі мерзімде
2	Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымдары мүшелерінің біліктілігін арттыру туралы есеп	
3	Бухгалтерлік есеп пен есептілік саласында халықаралық ұйымдармен ынтамақтастық туралы есеп	
4	Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымдарының жұмыс органдары құрылымының өзгергені туралы есеп	
Бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі аккредиттелген ұйымдар		
5	Бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі аккредиттелген ұйым берген және таныған сертификаттар туралы есеп	емтихан өткен күннен бастап үш ай ішінде танылған және берілген сертификаттарда, сондай-ақ емтихандық модульге өзгертулер енгізген күннен бастап
6	Пәндер бойынша өткізілген емтихандар туралы және емтихан модульдерінің өзгеруі туралы есеп	

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 4 мамырдағы
№ 296 бұйрығына
2-қосымша

Нысан

Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымына енген (шыққан) бухгалтерлердің, кәсіби бухгалтерлердің және бухгалтерлік ұйымдардың саны туралы есеп

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 17.06.2016 № 320 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жыл _____

Кәсіби аудиторлық ұйымның БСН _____

Кәсіби аудиторлық ұйымның атауы _____

Бухгалтерлер мен кәсіби бухгалтерлердің саны туралы мәліметтер

№	ЖСН	Т.А.Ә. (	Мекенжайы		Кәсіби бухгалтер сертификаты		Енген күні	Шыққан күні	Бухгалтерлердің кәсіби ұйымындағы мүшелік билеті немесе оның мүшелігін	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Консультативтік
			толық мекенжайы, телефоны,		сертификат берген					

р/ с №	Кәсіби бухгалтердіңЖСН	Кәсіби бухгалтердің Т.А.Ә. (болған кезде)	Кәсіби бухгалтер сертификатының нөмірі	Кәсіби бухгалтер сертификатынберілген күні	Біліктілікті арттыруды жүргізген нысан	Біліктілікті арттыруды жүргізген орны	Біліктілікті арттыруды жүргізген ұйымның БСН	Біліктілікті арттыруды жүргізген ұйымның БСН	Е а я ұ а
--------------	---------------------------	---	---	--	---	--	--	--	-----------------------

1	2	3	4	5	6	7	8	9

Бухгалтерлердің аккредиттелген

кәсіби ұйымының басшысы _____

— қолы (Т.А.Ә. (болған кезде))

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 4 мамырдағы
№ 296 бұйрығына
4-қосымша

Нысан

Бухгалтерлік есеп пен есептілік саласында халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық туралы есеп

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 17.06.2016 № 320 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жыл _____

Бухгалтерлердің кәсіби ұйымның БСН _____

Бухгалтерлердің кәсіби ұйымның атауы _____

р/ с №	Ынтымақтастықтың мазмұны мен нысаны	ХҚЕС бойынша комитет		Халықаралық бухгалтерлер федерациясы		ЮНКТАД есеп және есептілік стандарттары бойынша Үкіметаралық жұмыс тобы		Басқа халықаралық ұйымдар	
		Ия / Жоқ	толық жазу	Ия/ Жоқ	толық жазу	Ия/Жоқ	толық жазу	Ия/ Жоқ	толық жазу
1	Тиісті органдарда өкілдерінің болуы								
2	Стандарттар жобалары бойынша ұсыныстар мен ескертулерді жолдау								
3	Рұқсатты талап ететін мәселелерді кою, стандарттарды түсіндіру үшін сұраулар жіберу								
4	Ұлттық шаруашылық субъектілерімен								

	стандарттардың сынамалық қолдануын жүргізу								
5	Бірлесіп конференция, семинарлар, симпозиумдар, конгресстер өткізу								
6	Персоналды ұсыну								
7	Ынтамақтастықтың басқа да түрлері (қандай екенін көрсету)								

Бухгалтерлердің аккредиттелген
кәсіби ұйымының басшысы _____

— қолы (Т.А.Ә. (болған кезде))

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 4 мамырдағы
№ 296 бұйрығына
5-қосымша

Нысан

Бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымдарының жұмыс органдары құрылымының өзгеруі туралы есеп

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 17.06.2016 № 320 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жыл _____

Бухгалтерлердің кәсіби ұйымының БСН _____

Бухгалтерлердің кәсіби ұйымының атауы _____

Бухгалтерлердің кәсіби ұйым басшысының Т.А.Ә. (болған кезде) _____

ЖСН _____

Сайланған (тағайындалған) күні мен мерзімі _____

Р/с №	Бөлімшенің атауы	Бөлімше басшысының лауазымы	Бөлімше басшысының ЖСН	Басшының Т.А.Ә. (болған кезде)	Байланыс телефоны	Электрондық мекенжайы
1	2	3	4	5	6	7
1	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша					
2	Бухгалтерлердің біліктілігін арттыру бойынша					

3	Этика мәселесі бойынша					
4	Дауларды қарастыру бойынша					
5	Басқа органдар					

Бухгалтерлердің аккредиттелген
кәсіби ұйымының басшысы _____

— қолы (Т.А.Ә. (болған кезде))

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 4 мамырдағы
№ 296 бұйрығына
6-қосымша

Нысан

Бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі аккредиттелген ұйым таныған және берген сертификаттар туралы есеп

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 17.06.2016 № 320 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі аккредиттелген ұйымының
БСН _____

Бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі аккредиттелген ұйымының
атауы _____

Жыл _____

Тоқсан _____

Р/ с №	Т.А.Ә. (болған кезде)	ЖСН	"Аудитор" біліктілік куәлігінің болуы			DipIFR ACCA дипломының болуы		Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есеп (ия/жоқ)	Салық және салық салу (ия/жоқ)	Азаматтық құқық (ия/жоқ)	Кәсіби бухгалтер сертификаты		Кәсіби бухгалтер сертификатының берілуі
			Нөмірі	Берілген күні	Кім берді	Нөмірі	Берілген күні				Нөмірі	Берілген күні	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14

* Есепті кезеңдегі кәсіби бухгалтерлерге кандидаттардың, сондай-ақ кәсіби бухгалтер сертификатын алған кәсіби бухгалтерлердің Т.А.Ә. көрсетіледі

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің

Нысан

Пәндер бойынша өткізілген емтихандар туралы және емтихандық модульдердің өзгеруі туралы есеп

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 17.06.2016 № 320 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с №	Пән атауы	Өткізілген орны (өңір)	Өткізілген емтихан саны	Бірі емтиханның орташа құны	Өткізілген оқыту курсының саны	Пән бойынша оқытудың орташа құны (болған кезде)	Қайта тапсырылған емтихан саны	Емтиханды қайта тапсыру құны
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есеп							
2	Салық және салық салу							
3	Азаматтық құқық							

Емтихандық модульдердің өзгеруі туралы есеп

Р/с №	Пәндер бойынша емтихан модульдерінің атауы	Өзгерістер енгізу үшін негіз	Өзгеріс енгізу күні	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне ұсыну күні
1	2	3	4	5

Бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау
бойынша аккредиттелген ұйымының басшысы _____

_____ қолы (Т.А.Ә. (болған кезде))